

Ж. Карипбаев

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: zhanzhargan@mail.ru)

Әдеби шығармашылықтағы рухани контекст

Мақалада бүгінгі күндері жиі қолданылып, алайда зерттеушілердің назарларынан тыс қалып отырған, «руханият» ұғымы зерттеу нысанына алынған. Оған түрткі болып отырған себеп, қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым өкілдерінің шығармашылығына арқау болған «рух», «рухани», «руханият» ұғымдарының мағыналарын қалай түсіну керек, мәтіндердегі рухани контексті қалай айырып алу керек сынды мәселелері қарастырылды. Зерттеу нысаны ретінде діни-ағартушылық ағымның көрнекті өкілі Шәді Жәңгірұлы шығармашылығы алынып, оның туындыларындағы рухани контексті зерттеу үшін мүмкіндік беретін теориялық негіздер қалыптастыруға әрекет жасалды. Зерттеу аясында «руханият» ұғымына байланысты зерттеулер жасаған Нұртас Оңдасынов пен Дихан Қамзабекұлы сынды әдебиеттанушы-ғалымдардың этимологиялық анықтамалары мен пікірлері келтірілді. Пікірлер тек біржақты болмауы үшін жалпы ұлттық танымдағы руханият туралы түсіктер мен теолог-ғалым Құрбанәлі Ахметтің талдаулары мен тұжырымдарымен де қамтылды. Шәді ақынның діндарлығын ескере отырып, «руханият» ұғымының діни мағынасын ашуға барынша назар аударылды. Әдебиетші Ринат Фаритов пен жазушы Лев Толстойдың руханият туралы толғамдарымен келтірілді. Сонында Шәді Жәңгірұлының өмірбаянын, әдеби ортасын, діни ұстанымын, шығармашылығын ескере отырып, рухани контексті ретінде нені түсіну керек екені жайлы тиісті ойлар айтылды.

Кілт сөздер: діни-ағартушылық ағым, сопылық, сопы, мистика, рух, руханилық, рухани контекст, тасаввуф.

Кейінгі уақытта жазушы қауым тарапынан «руханият» сөзі жиі қолданылып жүрген жайы бар, алайда осы ұғым зерттеушілердің назарларынан тыс қалып отырған да жағдаяттар, оның контекстін зерттеу нысанына алынады. Оған түрткі болып отырған себеп, қазақ әдебиетінде бірқатар діни-ағартушылық ағым өкілдерінің шығармашылығына арқау болып отырған рух, рухани, руханият мәселелерін қалай зерттеу мәселесі. Осы ағымның көрнекті өкілдерінің бірі — ақын Шәді Жәңгірұлы. Қазақ ақын жазушыларының ішінде Шәді Жәңгірұлы шығармашылығы өзгеше сипатқа ие болуы, ол оның шығармашылығы терең рухани астарлармен астасып жатуында. Әрине, бір қарағанда «Не қиыны бар?» деген сұрақта туындауы мүмкін. Қарапайым көзбен қарағанда Шәдіден тек діншілді, дастаншыны, қисасшыны, назирасыны ғана көруге болады. Ал мұның бүкіл түйткілінің барлығы тап осында, сол әдеби дәстүрлердің талаптарын ескере отырып жазылған шығармаларда, соларды астарында жатқан мағыналарды, рухани контекстерді толыққанды түсінуге мүмкіндік беретін рухани сабақтастықтың үзілуінде жатыр. Түркі топырағының рухани көсемі Қожа Ахмет Йассауи мен Шәді Жәңгірұлының араларындағы рухани сабақтастық үзілмей келді. Оның себептерінің бірі Шәді Жәңгірұлының сопылық жолға аса құрмет танытуы. Ол тарихат ұстанып сопы болды деген де болжамдар жоқ емес. Шәдінің заманында барша түркі мұсылман жұртына мәшһүр болған «Назым Сияр Шариф» туындысында, ақын:

*Жазбаққа бұл кітапты бір себеп бар,
Айтайын ақиқаттан айлабизхар.
Өзімді уақытымдағы құтыб заман,
Бар еді алинисаб бір бөзоргуар.*

*Мұбарак есімі пәк Сейід Ахмет,
Ғылымхал, ілімхалге болған ұстаз.
Қожа Ахмет сұлтанымның мәхкүмінде,
Хүсейін әулеті еді ол нику зат [1; 46] —*

деп, осында бөзоркуар парсыдан аударғанда ұлы деп мадақ айтып отырған кісісі Саид Ахмет ишан, XIX ғасырда өмір сүріп, Шайян медресесін салғызған Йассауи тарихатының діни көсемі. Осы екі шумақта Шәді: «Расулдың оқиғасы сирада бар. Әр тілде жазылғандықтан, түркі жұрты біле бермейді. Сіз сол кітапты назым етіп Мұхаммет (с.ғ.с.) пайғамбарымыз өмірбаянын, үмметі деп қанша қайғы кешіп, жайын тілегенін халықта білдірсе, үлкен сауапты да, игі іс болар еді», — деп қолқа салған екен. Тап осы шумақтар Шәді төренің өзі де тарихат ұстанған сопы болды деген болжам бар. Бұл

болжамға негіз болып отырған мәселе, әдебиет тарихында Низами, Жами, Науаи сынды аса көрнекті шайырлар сопылық жолды ұстанғаны белгілі, олардың шығармашылықтағы авторлық мотивтері сопылық ілімдермен — тасаввуфпен байланысты болды. Ал олардың кейбір туындылары рухани нұсқау — уазифа ретінде жазылды. Жоғарыда келтірілген шумақтардан Саид Ахмет ишан «Назым Сияр шарифты» Уазифа қылып жазғызды ма деген ой келеді. Себебі, Шәдінің өзінің айтуынша, «Назым Сияр шариф» сынды үлкен шығармаларманы жазу қолынан келмейтінін, арабша ілімі осалдау екенін айтып, қате жазса, ақыреті үшін қорқатынын айтып бастартуынан да, Саид Ахмет ишанның нұсқауын жоғары қойып, ақыры, алты айда жазып шыққанын да, осы шығармада сөз етеді. Ал рухани ұстазының нұсқауын бұлжытпай орындау тектарихат ұстанған кісілерде ғана болады. Себебі шәкірттің рухани жетілуі пірі арқылы жүзеге асады, тек сол арқылы ғана рухани кемелдікке жетіле аламын деген түсінік болған. Тасаввуф іліміне сай пірінің шәкіртіне берілген уазифасы (тапсырмаға) тек шәкірті шамасы келетін молшерде ғана болып, оны орындау үрдісі пірінің тауаджух (рухани қуат пен пікірлер) беруі арқылы жүзеге асқан. Шәді төренің Назым Сияр шариф туындысының бір тарауы «Миғражнама» деп аталады, осы тарау бөлек шығарма ретінде де басылып шыққаны белгілі. Сонымен қатар Миғражнама туындылары Мәшһүр Жүсіп пен Жүсіпбек Шайхисламұлы сынды белгілі жазушылардың тізімдерінде де бар. Назим Сиярды жазу үшін тек дін ислам кітаптарын пайдаланумен ғана шектелмейді, ол үшін автор сонда айтылған миғраж хәлін (терең діни экстаз хәлі, буддистерде оны нирвана деп те атайды) сезінуі шарт, онсыз миғраж хәлін түсіндіру мүлдем мүмкін болмайды. Ал ол хәлге тек пайғамбарымыздың рухани дәрежесіне, илахи кемелдігіне жете алған кісі ғана суреттей алған. Сондықтан ата-бабаларымыз дін исламды тек медреседегі кітаптардан ғана емес, көпшілігінде сопылық ілімдер рухани тәжірибелер арқылы игерген. Шәді жайлы естеліктерде оны аса тақуа, дәретсіз жер баспаған кісі болды деседі.

Күнделікті өмірде болып жатқан қарапайым жағдайлар мен құбылыстарды дамыды деген ғылымның да көп жағдайда түсіндіріп бере алмайтын кездері болады. Түсінуге шамасы жетпеген дүниелерді гуманитарлық ғылымдар аңыздар мен мифтерге жатқызып, ал адам санасының мүлдем түйсіне алмайтын дүниелерді «мистикаға» ұғымдарына жатқыза салатыны бар. «Мистика» ұғымы көбіне рухани негізде болған құбылыстар мен тысым кереметтерге байланысты қолданылып, әсіресе дін және рухани тәжірибелер саласына жиі пайдаланылады. Осы мистиканың түсінуге қиын ұғымы ол — «рух». «Рух» сөзі түсінікті болып көрінгенімен, тап осы «рух» ұғымына байланысты адамзатта бір ұстаным, ортақ байлам болмай тұр. Дегенде белгілі болған дүниелерді қарастыра келіп, содан ортақ пікірге келу осы мәселенің шешілуіне өз үлесін қосар деген үміт бар.

Отандық гуманитарлық ғылым саласында, оның ішінде қазақ әдебиеті мен әдебиеттану ғылымында осы уақытқа дейін «рух» сөзін түбір ретінде пайдалана отырып, құралған: «рухани», «рухты», «рухтас», «руханият» «рухани әлем», «рухани кеңістік», тағы басқа көптеген сөздер мен сөз тіркестері қолданылып келеді. Өкінішке қарай, әдебиеттану саласында осы аталған сөз және сөз тіркес ұғымдарды түбегейлі зерттеп не мағына беретінін, не ұғым білдіретінін тек Нұртас Оңдасыновтың «Арабша–қазақша түсіндірме сөздігіндегі» тәржіме талдауы мен Дихан Қамзабекұлының «Руханият» атты этимологиялық байыптауынан басқа зерттеулер ұшыраспады. Әсіресе «рух» сөзін негізге ала отырып құралатын ұғымдар мен категорияларды әдебиетшілер қауымы кеңінен және жиі қолданатынын ескеретін болсақ, бұл мәселе кеңінен назар аударуды қажет ететін жағдаятқа айналып отырған жағдай бар.

Классикалық әдебиеттануда «рухани» ұғымына байланысты қалыптасқан ұғым мен ұстаным жоқ. «Рухани» әдебиеттану ғылымының аппаратындағы терминологияға жатпайды деген пікірлер де туындауы мүмкін. Дегенмен, бізге қатты ықпал еткен орыс әдебиеттануын алсақ та, әлем зерттеулеріне назар аударатын болсақ та, оларда «рух» негізінде құралған ұғымдар мен сөз тіркестерді қолданылатыны тағы бар. Мұнда философтар мен дінтанушылар сияқты басқа ғылым салалардағы қауым көбірек назар аударғаны байқалады.

Осыған байланысты туындаған келесі сұрақтарға жауаптар қажеттілігі туындады: гуманитарлық ғылымдарда, оның ішінде әдебиеттануда жиі пайдаланылатын «рухани», «рух», «руханият», «рух» түбірінің негізге алып құралған сөздер көптеген ұғымдарды қамтитын сөздер құрай отырып, осы уақытқа дейін неге толыққанды ғылыми категорияларға айналмай отыр? Және неге оған ғалымдар назар аудармайды? Біз қарастырып отырған Шәді шайырдың рухани контексті қандай ұғымдар мен негіздерді қамтиды? Осы мәселелерді біз неге Шәді төре шығармашылығының зерттеу негізінде қарастырып отырмыз? деген сұрақтарға жауап іздеп көрелік.

Осы орайда, «рух», «рухани» сөздері жайлы жалпы түсінік алу үшін Нұртас Ондасыновтың пайымдауын толық беруді жөн көрінеді:

«Рух (روح)» — 1) философиялық шындықты, ақиқатты танып-білуге түрткі болатын сана, ойлау сияқты психикалық ерекшеліктер; 2) ауыс. күш, қуат, жігер, дем; 3) жан; елес; 5) өмір; 6) діни, әруақ, құдірет. Алдауыш достардан күдер үзіп, Отырсам төңірекке көзім сүзіп, Сұлуым ерке сәулем қасыма кеп, Жанымды жадыратты *рух* кіргізіп (С. Сейфуллин). Большевиктер! Есімдерің — ес тұтар ұрандарым. *Рухтарың* Бетпаққа дән өсіріп, Ерітуде Сібірдің қырауларын (М. Мақатаев).

Рухани (руханій)» — 1) адамның ой санасына байланысты, соған тән; 2) діни, дін қызметкері, дін иесі. Мектеп ашарда, әуелі, молда дұға оқыды, одан кейін мен қазақтар арасында орыс білімін тараудың тұрмыстағы және *рухани* пайдасын түсіндіріп, сөз сөйледім, ақырында мәжілісті шамалы қонақасымен аяқтадық (Б. Алтынсарин); Халыққа *рухани* адалдық тәрбие беру керек; жалтырауықпен алдап, қызылға шақыру жақсы емес, — деді ол (А. Машанов).

Рухтас. Қасым — художник ақын. Шынайы художник, қашанда өзінің туған халқымен *рухтас* келеді (Ә. Тәжібаев). Әр ақынды аударар бергенше, шама келсе — өзіне *рухтас* бір ақынды аударғанға не жетсін (Ө. Нұрғалиев).

Рухтандыру — қуат беру, жігерлендіру, дем беру. Партиямыздың бұл жоғары бағасы жазушыларды *рухтандыра* түседі, оларды мақтаныш сезіміне бөлейді және сонымен бірге қаламгерлерге жаңа талап қояды («Қ. Ә.»). Октябрь революциясы біздің елімізді бостандық алуға *рухтандырды* (С. Бакбергенов).

Рухтандырушы — қуат беруші, жігерлендіруші, дем беруші. КСРО Үлкен театры — өнер *рухтандырушысы* («Л. Ж.»).

Рухтану — қуаттану, жігерлену, қайраттану. Сонда мен *рухтанып* өнермен, Шабыттың сырын ұқтым өлең деген (Н. Арсланов).

Рухия — 1) аруақ, рухани күй; 2) рухани бейне, рухани кейіп, рухани сапа. Бұл сөз *руқият*, *руқият* сияқты сөздерде кездеседі.

Руқият. Азырақ жазып едім руқият (Нұралы)» [1; 311, 312].

Қазақ дүниетанымында «рух» сөзі дін исламмен бірге келіп, халық тіршілігінің бөлінбес бөлшегіне, киелі де қастерлі «әруақ» ұғымына ұласқан. Халық дүниетанымында «әруақ» ата-баба рухы, киелі кісі, қастерлі ұрпақ, ұран, тылсыммен, руханиятпен байланыстыратын медет деп түсінеді.

Ғалым Дихан Қамзабекұлының «Руханият» атты этимологиялық байыптауында: «Енді «рух», «рухани» неге «руханият» болып түрленеді түрленгеніне келейік. Логикада жалқыдан жалпыға өту деген ұғым бар. Міне, руханият осы ұғымды негізінде жасалған. Өзбекстанда шыққан «Шағатай сөздігінде» «руханійят — руханілік» деп түсіндіріледі. Яғни бұл сөздің мағынасы рухқа тән, рухтан өрбитін құбылыс» болып шығады. Сонымен, дәл бүгінгі біздің ұғымымызда руханият саласына тіл, әдебиет, мәдениет, музыка, сурет, тағы басқа сезіммен, рухтан өрбитін немесе осыларға байланысты өнер, ғылым атаулы тұтасымен кіреді. Рас, бірсыпыра мұсылман мемлекеттерінде дін жөніндегі мәселелерді руханият деп топтастырады. Біздіңше, бұл шартты атау. Дін де иманға, сезімге, рухқа қатысты екеніне дау жоқ», — деп жіліктей отырып түсіндіреді [2; 96, 97].

Пайымдау толық болу үшін философтар мен теологтардың пікірлерін де ескерген орынды көрінеді. Философияда: «Рух — материалдық емес бастауларды білдіретін түсінік. Рух пен материяның ара салмағын ажырату философияның негізгі сұрағы болып есептеледі. Материяның алғашқылығын алға тартқан ұстаным рухты оның туындысы деп материяның бір бөлшегіне жатқызады. Ал рухтың алғашқылығын мойындау идеализм, спиритуализм деп аталады. Мұнда рух түсінік ретінде (панлогиз), түпнегіз (теизм, персонализм) ретінде қарастырылады. Рационализм де рухтың анықтаушысы ретінде ойлау қабілетін, сананы танитын болса, иррационализмде ойлау қабілетіне жатпайтын: жігерді, сезімді, интуицияны т.б. жатқызады», — деп анықтайды. Ілкі замандағы үнді, грек философтарынан бастап бергі замандардағы рационалистік (Декарт, Спиноза), интеллектуалистік (Шлегель, Гегель), иррационалдық (Ницше, Шопенгауэр, Хартман), интуитивтік (Бергсон Лосский), экзистенциалистік, позитивистік және неопозитивистік көзқарастар рухты байыптаған кезде бір түсінікке келмейді. Мұның ішінде рухты философиялық ойының негізгі категориясы ретінде неміс философиясы ерекше бой көрсетеді, оның ішінде Шеллинг барлық табиғатты рухтың бір қасқағым сәті деп түсіндірсе, Гегель рухтың әлемдік философиясын құрады [3; 185, 186]. Мұнымен қатар маркстік философияда рухани өндіріс, жан категорияларын бөліп қарайды.

Кеңестік дәуірде жүргізілген қазақ философтарының «Ғылыми техникалық прогресс және адамның рухани әлемі» атты зерттеуі назар аударғаны. Онда: «Адам санасы жиынтық жүйені ғана емес, тұтас бірлікті құрайды, былайша айтқанда, өзінің бағытталуы мен ерекшелігі тұрғысынан кісінің рухани әлемін құрайды», — делінген [4;17]. Әрине, кеңестік философия, қаншалықты материалистік негізді алға қойып, соған байланысты адамның рухани әлемін материалдық монизм әдісін қолданып, маркстік-лениндік диалектика негізге зерттегені белгілі. Адамның рухани өмірі деген категорияны материалистік тұрғыдан «рухани өндіріс» деген жабумен қанша жапса да, олардың бұл сұрақты қарастыруының өзі, адам негізінің ең маңыздысы рухани негіз екенін мойындауында. Сонымен қатар «қоғам мен адамның рухани өмірі», «жеке тұлғаның рухани әлемі», «рухани мәдениет» сынды ұғымдардан аттап өте алмайды. Рухани даму тек еңбек етумен ғана байланыстыру үрдісі қалыптасты.

Теологиялық көзқарасқа жүгінер алды «Қазақстан. Ұлттық энциклопедиясында» берілген түсініктерге де назар салып көрелік. Онда: «Рух — жан дүниесі, кейде «жан» атауының баламасы ретінде қолданылады. Психологиялық және психофизиологиялық түсіндірме де мутакаллимдер, әдетте, бұл екі түсінікті адамның дене және сана еңбегінің тұтас көрінісі деп қарады, олар «жанды», Адам Атаның жаратылуы туралы Құран аяттарын осы мағынада түсіндіреді. Фаласифтер рухты өсімдік, жан-жануар және ең жоғары ақыл иесі деп өздері бөлген материалды дүниенің иесі деп есептеді, ал сопылар адам жанының осы ең жоғары қалпын «Жан дүниесі» (рух), қалған бөліктерін «жан» (нафс) деп атайды» [5; 498], — делінеді. Сонымен қатар энциклопедияда «руханилық» пен «рухани мәдениет» ұғымдары туралы да түсініктер берілген. «Руханилық — адам танымы мен дүниеге көзқарасының адамаралық қарым-қатынастағы биік адамгершілік қағидасы. Руханилық жеке адамға да, үлкен әлеуметтік топтарға да ауадай қажет құбылыс ретінде кез келген мәдениетті жаңғыртуға түсетін, болашаққа жылжуына іргетас болатын ішкі мәндік заңдылықтар жиынтығы». «Рухани мәдениет — адамдардың қоғам өміріндегі мәдени қызметінің нәтижесі. Өнер, дін, фольклор, философия, ғылым, құқық, саясат, мораль, тағы басқа құбылыстар оның өзегі болып табылады. Рухани мәдениет кез келген қоғамның өркениеттік деңгейін білдіреді және сапалық сипатын танытады. Ол бір-бірімен тығыз байланысты екі формада өмір сүреді: біріншіден, рухани өмірді туындатуды мақсат еткен жеке адамдардың іс әрекеттері мен олардың дараланған рухани әлемі түрінде; екіншіден, сол өнімдердің рухани құндылықтар деңгейінде бағалануы, яғни олардың әлеуметтенуі жатады» [5; 499], — деген пайымдауларды тұтастай бермей, аттап өту мүмкін болмайды. Себебі ұлттық негізінде жазылғандықтан, бұл пайымдау, теологиялық пайымдауға көшер алды, қисынды ауысу міндетін атқарып, байыптаулардың тақырыпқа да біршама жақындығы байқатады.

«Рух», «рухани» категорияларының теологиялық тұрғыда біраз пайымдаулары бар, солардың ішінде толық және жанжақты байыптауды жасаған теолог — Хазіреті Шейх Құрбанәлі Ахметтің пайымдауларын беру орынды көрінеді. Құрбанәлі Ахметтің «Тарихатнама» атты кітабы бұрынырақ басылым көрген «Рухнама», «Ілімге ілесу», «Намазнама», «Мәзһабтың мәнісі» атты кітаптарының басын қосып берген жинақ кітап болып табылады. Автор Накшбандия тарихатының үлкен шейхі, мұштахит ғалым. XIX ғасырда Шаян медресесін салдырған Қосым, Сейіт Ахмет, Аппақ ишандардың ұрпағы. Бұл кітапта бүгінгі күні айрықша өзектілікке ие болған дін мен дүниетаным мәселелеріне жанжақты және терең пайымдаулар жасалады. Мұнда мұштахит ғалым түйткіл сұрақтарға тек діни тұрғыдан ғана емес, қазіргі ғылым мен дүниетаным тұрғыларын ескере отырып та түсініктер берген. Бұл зерттеу үшін асса қажеттілігі ол «Тарихатнама» кітабында «рух» ұғымын жанжақты қарастырып түсіндіруге қадам жасалады. Сонымен қатар Шәді шайыр да сопы, тарихатын ұстанған кісі болғанын ескере отырып, «рух», «әруақ» ұғымдарына қазақы дәстүріндегі діни танымға назар аудармай өту қиын болады. Мұнда рухтың мәнісін түсіндірген кезде, рух туралы Құран-Кәрімнің «Бақара» сүресінің 87–153 аяттарында, «Мәъида» сүресінің 110-аятында, «Мужадала» сүресінің 22-аятында, «Жүсіп» сүресінің 87-аятында, «Исра» сүресінің 85-аятында, адамның аруағы «рухтан мұрат — оның барша адамның Әруағы екендігі. Адамзаттың Жан дүниесінің Әруақ екендігі сөз болып отыр» — деген Ибн Кассирдың (қ.с.) бірнеше тәпсірлерін келтірілуден басталады. «Рух» дегенің өзі бір Періште. Рухтың мынандай сипаттары бар екен: «Өзі сондай бір — көрінбейтін, бірақ білінетін Болмыс; — еленбейтін, бірақ нәзік Іс-әрекет; — заттық нәрсеге ұқсамайтын, бірақ нәрсе бола алатын Нәрсе; — материалдық затқа ұқсамайтын, бірақ зат бола алатын Зат; — таралған газға ұқсамайтын, бірақ ауа сияқты барлық жерден өтіп кететін Құбылыс, — күллі әлемді, Аспан әлемін, ғаламшарларды, атмосфераны, жер қойнауын, адамның денесін, тағы басқа түзіп тұрған суға ұқсамайтын, бірақ су сияқты барлық жаратылысты ұстап тұра алатын Құдірет» [6; 23, 24]. Рух — ол,

рухани иман, рухани деңгей, рухани мазмұн, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадисы бойынша: «Әуелі менің (с.ғ.с.) Рухымды жаратты. Менен (с.ғ.с.) бүкіл он сегіз мың әлемді жаратты» дегеніндей, ол — нұрлы рух, ақиқатты тану, нұрдан жаралған «нұрлы ақпарат». «Рух пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) бір сипаты. Оның (с.ғ.с.) нұр сипаты болғандықтан: — ақпараттық энергия тасығыш кеңістік денелерін — жарататын, қалыптастыратын; — ақпараттық энергия тасығыш ерекшелік денелерін — болдыратын, орнықтыратын; — ақпараттық энергия тасығыш суреттік денелерін — қалыптайтын, программалайтын Нұр сипаттың бір сипатын Әруақ деп айтып отырмыз. Рух — Нұр-Уәсилә. Рух — Құдірет ретінде, ол: — күллі әлемнің программасы сақталған Құран; — Алланың Аруақ деп шақырғанда жетіп келетін Жәрдемі; — Алланың бізге («Я, Пірім-Алла» дегенде) жауды жығып беретін Жеңісі; — «Иман» болғандықтан, қалыбымызды тірілтетін Рухани қуат; — «Сенім», шынайы сенім болғандықтан ұлы Құдірет [6; 42–43]. «Рух — жаратушы. Дүниені де, ақыретті де бәрін жаратып отырған нәрсе — Жан дүниемізде тұрған кәдімгі Рух. Рух кез келген кейіпте бола алады және рухты барлығы пайдаланады. Рухтың егесі — Адам — Ер Адам — барлық нәрсенің егесі болғандықтан, Ердің егесі, әрине, кәміл Пір» [6; 45–49]. Осы еңбекте, өзге рух жайлы түсінік берушілерден өзгешелігі, рух туралы түсінікті қазіргі заман ғылымының жетістіктері арқылы да түсіндірісінде. Рух материалдық дүниемен салыстыру арқылы түсіндіріледі. Мұнда физика бойынша: «материалдық денелерді құрайтын ең кішкентай элемент ретінде атом, оның нейтрон және протон бөліктері алынып келді. Энергия көзі болып табылатын бұл элементтер материяны құраушы. Материя түбі — көзге көрінбейтін қуатты энергия. Энергия — массаны жарық жылдамдығына көбейтуден алынған нәтиже. Ал нейтрон атом ядросының электр зарядынан айрылған айрықша бір бөлшегі, атом ядросын қоршап тұрған барлық электрон кедергілерінен бөгетсіз өте береді, ол рентген сәулесінен де өткір екен [6; 899, 900]. «Содан, сол бөлінген, тағы-тағы миллиондап бөлінген бөліктерінің өзі — Рух, монада (Кемелдікке жеткен Адам). Сол бөлініп-бөлініп бөлінбейтін дәрежеде тоқтаған тұсы «Руханият» деп аталады» [6; 892] деген де, күрделі ұғымдарды қарапайымдап та ұғындырған тұстары бар. Осы берілген рух және руханият жайлы түсінік, сопылық байыптаудың ең қысқасы. Сопылықтың осындай теориялық түрдегі көрінісінің синоним атауы ол тасаввуф. Тасаввуфты исламның классикалық философиясының бағыттарының біріне де жатқызады.

Теологиялық пайымдау — рухты, материалдық ақыл арқылы тану мүмкін емес, адамзат баласы оны тек рухани тәжірибесі бар ұстаз, кәміл пір арқылы ғана тани алады. Сопылықта шәкірті жекелеген рухқа теңесе, пір ол — руханият, шәкірт пен пірдің арасындағы қарым-қатынасты рухани қарым-қатынас дейді. «Рухани» ұғымын тасаввуф рухқа тән сипаттарға ие құбылыс, қатыстылық, нәр алатын және дамиды деп түсінеді.

Рухани контекстке байланысты ойларымызды түйіндер алды, кеңестік әдебиеттануда Фарит Халитовтың «Қаһарманның рухани әлемі» атты зерттеуі де әдебиеттегі психологизмды, көркем суреттеуде қаһарманның жан-күйі, ішкі әлемі деп пайымдайды. «Адам жанын саралау көркем прозада өзін өзі рухани тұрғыда тану. Сол арқылы оның ой-қиялдары, пікірлері, жалпы қоғамды, дүниені сезінуін білдіріледі» [7; 6], — деген ой айтады. Осымен қатар Лев Толстойдың: «Өнердің басты мақсаты, егер ол өнер болып есептелетін болса, адам жаны туралы барлық шындықты айтуы керектігі. Тіпті қарапайым тілмен жеткізе алмайтын құпияларды да айтып жеткізуі керектігінде. Ол сол үшін де өнер. Өнер — суреткердің өз жанының сырларына бағыттаған микроскоп іспеттес, барлық кісілерге ортақ құпияларды жайып салады» — деген пікірі терең де, мағыналы да көрінеді [8; 94, 9].

Сонымен, Шәді шайырдың өмірбаянын, әдеби ортасын, діни ұстанымын ескере отырып шығармашылығының рухани контексті ретінде:

Біріншіден, рухани мағынасына байланысты алғашқы берілген Н.Оңдасыновтың пайымдауын кейін берілген байыптаулар жанжақты толықтырылып және әлдеқайда тереңдетіле түсті. Шәді мұрасының рухани контекстін қараудың басты себебі, ол оның автор ретінде діни тақырыпты шығармашылық нысанға алуы, кейіпкерлер ретінде Жаратушыдан бастап, періштелерді, пайғамбарларды, әулиелерді, қарапайым адам жанын шығармашылығына арқау етуі, қарапайым кісінің ақылына сыймайтын, екіншісінің батылы мен рухани дәрежесі жете бермейтін мәселелерді туындыларына арқау етуі. Сол тұңғыықтарды бойлау үшін оған батылдық пен сенімділік сопылық арқылы келді. Сондықтан шығармашылығына ортақ контексті анықтау ету үшін сопылық ілімнің өзінде бар аппаратын қолданған жөн көрінді. Осы тұрғыда Шәді шығармашылығымен рухтас Қожа Ахмет Иассауи, Джалаледин Руми, Юнус Емре сынды сопы шайырлар әдебиеттерін тасаввуф

(*сопылықтың басқа атауы.* — Ж.К.) негіздері мен әдістемесін қолдану арқылы зерттеліп келеді. Бұл тұрғыдан рухани контексті тасаввуф тұрғысынан қаралуы ең қолайлы жол.

Екіншіден, «рухани» ұғымының өзегінде, ең ізгі мұсылманның этикалық және эстетикалық ұстанымдарын арқау еткен нақты адам баласы және оның өмір салты жатқаны белгілі. Кез келген шығармашылық ол ең алдымен белгілі мазмұн, ал ол мазмұн өз атына рухани құбылыс, ал сол мазмұнның белгілі пішінге ие болуы оған материалдық көріністің беруі ғана. Мазмұнды шығарушы және пішінге келтіруші Шәді шайырдың, автор ретінде, рухани әлемі оның шыққан тегінің, балалық шақтағы тәрбиесінің, қарым-қатынаста болған ортасының, ол өмір сүрген қоғамының және онда қалыптасқан саяси-әлеуметтік жағдайдың, жеке басынан кешкен тұрмыстық жағдайының, саналы түрде қалыптасқан дүниетанымы мен өмірлік ұстанымдардың ықпалдарында болып, рухани негіздерін қалыптастырып, үнемі даму үстінде, ізгі ізденістерде болғаны анық. Сондықтан шығармашылық кісісінің рухани контекстің негізін тарихи және биографиялық контексттер құрайтыны белгілі. Осы негізде оның шығармашылық тақырыпты таңдауы мен оны жеткізу мақсаттарын ашуға болады.

Үшіншіден, рухани контекстке ақын жазушының шығармашылық процесі — шығармашылық лабораториясын да кіргізу орынды. Өйткені бұл, ең алдымен, ақын-жазушының жаңы, рухани құндылықты шығаруымен тығыз байланысты. Шайырдың идеясы мен ойын, шабытының қайнарлары мен мақсатын, жазу процесі мен нәтижесін, өзге жағдаяттарды бірге ескеріп түсінуге, байыптауға мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылған барлық мәселелерді ескере келе, Шәді ақының шығармашылығындағы рухани контекстін келесі топтарға бөлуге болады:

Бірінші топқа хәл-ақуал пайғамбарлардың белгілі рухани мақамына уазифалар арқылы жетілген жағдайда жазылған шығармаларға: «Назым Сияр Шариф», «Ибраһим халилуллаһ», «Ахуал қиямет», «Мұса мен Перғауын хикаясы», «Мұсаның тауратты алғаны», «Дәуіт уақытындағы рәйіс», «Назым түркі Фихр Қайдан».

Екінші топқа жалпы шығыста өрістеген назирашылық дәстүр негізінде жазылған көркемдік-танымдық мазмұндағы шығармаларға: «Назым Чохар Дәруіш», «Қисса Барсиса», «қисса Бағлам Бағұр», «Хатымтайдың хикаясы», «хикаят Қамарун аз Заман», «хикаят Уэрәқа – Күлше», «Қарунның иер ютқан уақиғасы».

Үшінші топқа тарихи тұлғалар мен тарихи танымдық тақырыптағы шығармаларға: «Өмір Әмзе киссасы», «Хикаят Харун ар-Рашид» «Тарихнама», «Хайбар хикаясы», «Россия патшалағында Романов нәсілінен хұқыранлық қылған патшалардың тарихтары һәм ақтабан шұбырыншылық қылған заманнан бері қарай қазақ халқының ахуалы».

Төртінші топқа ақынның ел арасында әртүрлі жағдайда шыққан өлеңдері мен тұрғылас шайыр-ақындармен жазысқан хаттары мен жазба айтыстары енді. Бұл топқа: Тұрмағамбет пен Шәді төренің айтысын, «Шәдінің болыс Қалменбайдан ат сұрап жазған өлеңін», «Беташар» сынды шығармалары жатады және т.б.

Осы топтарға жіктеу арқылы зерттеу міндеттеріне сәйкес Шәді төре шығармашылығындағы рухани және әр топтағы туындылардың көркемдік-идеялық контекстін айырып анықтауға болады. Бұрын соңды орын алған зерттеулерде мұндай жіктеулер тек үш топтан аспайтын. Ақын шығармашылығындағы хикаяларды тек көркем және тарихи негізде бөліп, ал өлеңдерін бір бөлек топқа жатқызатын.

Бұл зерттеуде туындылар жоғарыда аталған үш топқа контексті бойынша жіктелді, оған негізгі себеп Шәді төренің сопылық жолды ұстануы және өз шығармаларын жалпы назирашылық тақырыптардан көрі, тарихаттан бастау алып, мағрифатқа жалғасып, жан-дүниесімен ақиқатты тани білген терең діни түсінік пен пайымдарға арқау болды.

Осы пайымдаулар Шәді Жәңгірұлымен тұрғылас, шығармашылықтары сабақтас Мәшһүр Жүсіп, Майлықожа, Кете Жүсіп, Молда Мұса сынды әдебиетте шығыстық бағытты ұстанған ақын-жазушылардың шығармашылықтарын зерттеуде пайдасы тиер деген мақсатты көздей отырып жасалды. Сонымен қатар Қожа Ахмет Яссауи, Йүгінеки, Рағбузи, әл-Хорезми сынды Шәді шайырмен сопылық әдебиет негізінде байланысы бар авторлардың да шығармашылық контекстін анықтап, шығармашылықтарының мағынасын түсінуге зор мүмкіндіктер береді деген үміт бар.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазыналы Оңтүстік. — Т. 80. — 1-кіт. Шәді Жәңгірұлы. Назым Сияр Шариф. — Алматы: Нұрлы Әлем, 2012. — Сер. Түркістан кітапханасы. — 344 б.
- 2 Ондасынов Н.Д. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік / Н.Д. Ондасынов. — Т. 1. — Алматы: Білім, 2011. — 408 б.
- 3 Қамзабекұлы Д. Тіл саясаты: Тағлым мен тәжірибе / Д. Қамзабекұлы. — Алматы: Арда, 2005. — 256 б.
- 4 Философский энциклопедический словарь. — М.: Сов. энцикл., 1989. — 815 с.
- 5 НТР и проблемы духовного мира человека: науч. сб. — Алма-Ата: Ғылым, 1986.
- 6 Қазақстан: Ұлттық энциклопедия. — Алматы: Қазақ энцикл. Бас ред., 2005. — 728 б.
- 7 Ахмед Құрбанәлі. Тарихатнама. Құрбанәлі Ахмед. — Алматы, 2015 — 1108 б.
- 8 Халитов Ф. Духовный мир героя / Ф. Халитов. — Казань: Татарское книж. изд-во, 1981. — 296 с.
- 9 Толстой Л.Н. Полное собрание сочинений: [В 90 т.] / Л.Н. Толстой. — М.: Гос. изд-во худож. лит., 1953. — Т. 53. — 563 с.

Ж. Карипбаев

Духовный контекст в литературном творчестве

В статье рассмотрено понятие духовности, которое часто используется в обиходе современными писателями и исследователями, но при этом не уделяется должного внимания его значению. Назрела необходимость объяснения значений, заложенных в такие понятия, как «дух», «духовное», «духовность» в творчестве казахских писателей религиозно-просветительского направления. Автор статьи задается вопросом выявления духовного контекста их произведений. Материалом исследования стало творчество яркого представителя религиозно-просветительского направления — поэта Шади Жангирұлы. В рамках исследования приведены определения и мнения таких ученых-литературоведов, как Нуртас Ондасынов и Дихан Камзабекұлы, в чьих трудах разрабатывалось понятие духовности. Исследование осуществлено в широком контексте с учетом биографии, литературной среды, религиозных взглядов Шади, высказаны доводы относительно того, как и что нужно понимать под духовным контекстом в творчестве поэтов этого направления.

Ключевые слова: религиозно-просветительское направление, суфии, суфизм, мистика, дух, духовность, духовный контекст, тасавуф.

Zh. Karipbayev

Spiritual context in literary creativity

In the article the object of research is the concept of spirituality, which is often used by modern writers and researchers and without paying enough attention to the study of this concept. Therefore the reason for this study was the need to explain how to understand meanings embodied in the concepts of spirit, spiritual, spirituality in the works of Kazakh writers who adhere to the religious and educational direction. Aspects of how to identify are touched spiritual context from the texts of the work. The object of the study was the creation of a bright representative of the religious and educational direction — the poet Shady Zhangiruly. It is proposed to carry out a theoretical understanding of the spiritual context from the works of the poet Shady. The study provides etymological definitions and opinions of such literary scholars as Nurtas Ondasynov and Dikhan Kamzabekuly, in whose works the concepts of spirituality were considered. To ensure that opinions and definitions are not one-sided, an understanding of spirituality in a national understanding and a learned theologian Kurbanali Ahmet is given. Given the deep religiosity of the poet Shady, special attention is paid to the disclosure of the concept of spirituality in this aspect. There are also excerpts about spirituality from the works of the literary critic Rinat Faritov and the writer Leo Tolstoy. In conclusion, taking into account the biography, literary environment, religious views and creative work of Shady, arguments are expressed as to what and what should be understood by the spiritual context in the works of such poets.

Keywords: religious and educational direction, Sufis, Sufism, mysticism, spirit, spirituality, spiritual context, tasavuf.

References

- 1 *Kazynaly Ontustik* (2012). [*Treasures of the south*]. Shadi Janhiruly & Nazim Siyar Sharif. (Vols. 80; Vol. 1). Almaty: Nurlu Alem: Ser. Turkistan kitaphanasy [in Kazakh].

- 2 Ondasinov, N.D. (Eds.). (2011). *Arabsha-kazaksha tusindirme sozdik [Kazakh-arabic dictionary]*. Almaty: Bilim [in Kazakh].
- 3 Kamzabekuli, D. (2005). *Til saiasaty [Language policy]*. Almaty: Arda [in Kazakh].
- 4 *Filosofskii entsiklopedicheskii slovar [Philosophical Encyclopedic Dictionary]*. (1989). Moscow: Sovetskaia entsiklopediia [in Russian].
- 5 *NTR i problemy dukhovnoho mira cheloveka (1986) [NTR and problems of the spiritual world of man]*. Alma Ata: Hylm [in Russian].
- 6 *Kazakstan. Ultyk entsiklopediia [Kazakstan. National Encyclopedia]*. (2005). Almaty: Kazak entsiklopediasinin Bas redaktshiasy [in Kazakh].
- 7 Kurbanali, A. (2015). *Tarihatnama [History]*. Almaty [in Kazakh].
- 8 Halitov, F. (1981). *Dukhovnyi mir heroia [The spiritual world of the hero]*. Kazan: Tatarskoie knizhnoie izdatelstvo [in Russian].
- 9 Tolstoi, L.N. (1953). *Polnoie sobranie sochinenii [Full composition of writings]*. (Vols. 1–90; Vol. 53). Moscow: Hosudarstvennoie izdatelstvo khudozhestvennoi literatury [in Russian].